

## Әуеайлақтың жарамдылығын сертификаттау және сертификат беру ережесін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 20 қазандағы N 973 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 2 шілдедегі № 760 Қаулысымен.

**Ескерту. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 2 шілдедегі № 760 Қаулысымен (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Азаматтық авиацияны мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 15 желтоқсандағы Заңының 4-бабының 18) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қоса беріліп отырған Әуеайлақтың жарамдылығын сертификаттау және сертификат беру ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 7

ж ы л ғ ы

2 0

қ а з а н д а ғ ы

N

9 7 3

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

## Әуеайлақтың жарамдылығын сертификаттау және сертификат беру ережесі 1. Жалпы ережелер

1. Осы Әуеайлақтың жарамдылығын сертификаттау және сертификат беру ережесі (бұдан әрі - Ереже) "Азаматтық авиацияны мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 15 желтоқсандағы Заңына , сондай-ақ Халықаралық азаматтық авиация (ИКАО) туралы конвенцияға 14-қосымшаға және Doc 9774 AN/969 "Әуеайлақтарды сертификаттау жөніндегі басшылыққа" сәйкес әзірленді.

2. Ереже Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясы әуеайлақтарының жарамдылығын сертификаттау және сертификаттар беру тәртібін айқындайды.

3. Азаматтық авиация мақсатында пайдаланылатын Қазақстан Республикасының сыныпталған әуеайлақтары сертификаттауға жатады.

4. Ережеде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:  
өтінім - өтініш берушінің сертификаттық тексеру рәсімінен өту үшін уәкілетті  
о р г а н ғ а ж а з б а ш а ө т і н і ш і ;

өтініш беруші - әуеайлақтың жарамдылық сертификатын (бұдан әрі - сертификат) алу үшін уәкілетті органға жүгінген жеке немесе заңды тұлға;  
сертификаттық талаптар - әуе кемелерінің ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ететін, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығын, азаматтардың мүлкі мен қоршаған ортаны қорғау үшін әуеайлақтың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін  
т а л а п т а р ;

сертификаттық тексеру - әуеайлақты, оның жабдықтарын, пайдалану рәсімдерін, әуеайлақты ұстау және пайдалану жөніндегі технологиялық үдерістерді, құжаттаманы, ұйымдастырушылық құрылымды, сондай-ақ өтініш беруші мамандарының біліктілігін сертификаттық талаптарға сәйкестігіне уәкілетті  
о р г а н жүзеге асыратын тексеру;

уәкілетті орган - азаматтық авиация, Қазақстан Республикасының азаматтық және эксперименталды авиация және әуе кеңістігін пайдалану қызметін мемлекеттік бақылау мен қадағалау, үйлестіру және реттеу саласындағы мемлекеттік саясаттың іске асырылуын жүзеге асыратын мемлекеттік басқару органы.

5. Әуеайлақты сертификаттаудың мақсаты әуе кемелерінің ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығын, азаматтардың мүлкі мен қоршаған ортаны қорғау үшін әуеайлақтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылады.

6. Сертификат иеліктен шығарылмайды және ол басқа адамға берілмейді.  
Сертификат осы Ережеге 1-қосымшаға сәйкес саласы мен қолданылу мерзімі көрсетіле отырып, үш жылға дейінгі мерзімге беріледі.

7. Сертификаттарды беруді, есепке алуды, сондай-ақ сертификаттық талаптардың сақталуын бақылауды уәкілетті орган жүзеге асырады.

## **2. Сертификаттауды жүргізу тәртібі**

8. Әуеайлақтың жарамдылығын сертификаттауды жүргізу тәртібі рәсімдердің  
м ы н а д а й р е т і н к ө з д е й д і :

1) осы Ережеге 2-қосымшаға сәйкес өтініш берушінің уәкілетті органға сертификаттық талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттармен бірге өтінім беруі;

2) алдын ала бағалау және уәкілетті органның өтінім бойынша шешім

қ а б ы л д а у ы ;

3) уәкілетті орган комиссиясының тиісті жерге барып сертификаттық тексеруді жүргізуі ;

4) уәкілетті органның шешім қабылдауы және сертификатты беруі (беруден б а с т а р т у ы ) .

Әрбір кейінгі рәсім алдыңғы рәсімнің оң нәтижелері кезінде орындалады.

9. Өтінімге сертификаттық талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттар қоса берілуге тиіс :

1) заңды тұлға үшін - Жарғының (экспорт және импорт операцияларын қоспағанда) және өтініш берушінің заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелгені туралы куәліктің нотариалды куәландырылған көшірмесі;

2) жеке тұлға үшін - жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

3) әуеайлақ орналасқан жер учаскесін, құрылысты пайдалану (меншік) құқығына акт ;

4) осы Ережеге 3-қосымшаға сәйкес әуеайлақтың жарамдылық сертификатына өтініш берушінің міндеттемесі;

5) тиісті ғылыми-зерттеу және жобалау-іздігіру институты беретін әуеайлақтың сыныбы және жасанды жамылғысымен ұшу-қону жолағы туралы қ о р ы т ы н д ы ;

6) әуе қозғалысын басқару объектілері мен ұшуды жарық сигналымен қамтамасыз ету жүйесін ұшу арқылы тексеру актілері;

7) мынадай деректерді көрсете отырып, әуеайлақтарды пайдалануға " жарамдылық нормаларына сәйкестік кестелері және графикалық материал:

әуеайлақтың физикалық сипаттамалары;

әуеайлақ жамылғылары мен әуеайлақ кедергілерінің күндізгі белгісі;

радиотехникалық жабдықтар және әуе қозғалысын басқару әрі қызмет көрсету жөніндегі диспетчерлік пункттің немесе радиооператордың жабдығы;

әуеайлақтың жарық сигналы жабдықтарының жүйесі;

әуеайлақ пен оның объектілерінің электрмен жабдықталуы және электр ж а б д ы қ т а р ы ;

әуеайлақтың метеорологиялық жабдықтары;

өртке қарсы және авариялық-құтқару құралдары;

8) әуеайлақтың аэронавигациялық паспорты және/немесе ұшуды жүргізу жөніндегі нұсқаулық, әуеайлақ ауданында авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізу және өрт сөндіру жөніндегі жедел жоспар;

9) өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары жөніндегі оқу-жаттығу іс-шараларының өткізілгенін растайтын құжаттар;

10) авиациялық персоналдың оқудан өткенін және жұмыс тәжірибесін р а с т а й т ы н құ ж а т т а р ;

11) әуеайлақтың сызбалары мен схемалары;

12) әуеайлақтың санитарлық паспорты.

Осы тармақтың 1), 2), 3) тармақшаларында көзделген құжаттар нотариалды куәландырылған көшірмелер түрінде ұсынылады.

Осы Ереженің 9-тармағының 4), 5), 6), 7), 8), 9), 10), 11) тармақшаларында көрсетілген құжаттар бірінші басшы және өтініш берушінің мөрімен куәландырылған көшірмелер түрінде ұсынылады.

10. Растайтын құжаттардың әрбір тізбесі бойынша әуеайлақтар аспаптары мен жабдықтарын пайдаланудың ресурстық мерзімі мен жарамдылығының болуын растайтын тиісті ұшу, техникалық паспорттар, ғылыми-зерттеу ұйымдарының және, егер көрсетілген құжаттаманы және ұшу қауіпсіздігінің баламалы деңгейін қамтамасыз ету жөніндегі шараларды әзірлеуге тартылса, тиісті құзыретті органдардың қорытындысы қоса берілуге тиіс.

11. Осы Ереженің 15-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, уәкілетті орган өтінім мен ұсынылған құжаттарды оны алған күннен бастап отыз күнтізбелік күн ішінде қарайды және қарау нәтижелері туралы өтініш берушіге осы Ережеге 4-қосымшаға сәйкес қабылданған шешім туралы хабарлайды.

12. Сертификаттаудың жалпы мерзімі өтінім берілген күннен бастап үш айдан аспауға тиіс.

### **3. Өтінімді алдын ала бағалау және ол бойынша шешім қабылдау**

13. Өтінімді алдын ала бағалау кезінде:

1) өтініш берушінің заңды мәртебесін растайтын құжаттардың болуы;

2) өтініш берушінің осы Ереженің 9-тармағында көрсетілген құжаттарға сәйкестігі;

3) ұшу қауіпсіздігін, авиациялық қауіпсіздікті, еңбекті қорғау мен өрттен қорғауды қамтамасыз ету үшін қажет ғимараттардың, құрылыстардың, жабдықтың, техниканың, құжаттаманың және білікті қызметкерлердің болуы;

4) қарауға ұсынылған сертификаттық талаптарға сәйкестікті растайтын құжаттаманың толықтығы;

5) инженерлік-техникалық және басшы персоналды оқыту және оларды техникалық жағынан даярлау, олардың біліктілігін арттыру жоспарының, сондай-ақ штатты жасақтау және кадрлар резервін дайындау жоспарларының болуы белгіленеді.

14. Өтінімді алдын ала бағалау барысында уәкілетті орган:

1) өтініш берушіден өтінімде ұсынылған барлық мәселелер бойынша қосымша ақпарат сұратуы мүмкін;

2) өтініш берушіні оларға сәйкестікке әуеайлақ сертификатталатын

сертификаттау рәсімдері, нормативтік талаптар туралы хабардар етеді;

3) өтініш берушінің қызметкерлері штатының жасақталуы мен кадрларды даярлау жүйесі мәселелерін қарайды;

4) өтініш берушіге Сертификатты беру кезінде қандай пайдаланымдық және техникалық шектеулердің белгіленуі мүмкін екендігін түсіндіреді;

5) өтініш берушіге өтінімді алдын ала бағалау барысында анықталған кемшіліктердің тізбесі мен оларды жою жөніндегі ұсынымдары бар жазбаша хабарламаны жібереді.

15. Егер өтінім және (немесе) оған қоса берілген құжаттар осы Ереженің 9-тармағына сәйкес белгіленетін талаптарға сәйкес келмесе немесе толық көлемде ұсынылмаса, өтінім осы Ереженің 11-тармағына сәйкес белгіленетін мерзімде қайтарудың негізделген себебі көрсетіліп қайтарылуға жатады.

16. Өтінім бойынша ескертулер болмаған кезде немесе оларды жойғаннан кейін уәкілетті орган сертификаттық тексеруді жүргізу үшін комиссия (бұдан әрі - Комиссия) құру туралы шешім шығарады.

#### **4. Сертификаттық тексеру**

17. Сертификаттық тексеру кезінде:

1) азаматтық авиация ұйымын (өтініш берушіні) басқаруды ұйымдық құрылымы мен негізгі қағидаттары;

2) азаматтық авиация ұйымының қызметін ұйымдастыру мен қамтамасыз етудегі басшы құрамның тәжірибесі, сондай-ақ басшы құраммен ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге тікелей байланысты мамандар жөніндегі деректердің болуы;

3) қызметкерлер штатының жасақталуы және оларды даярлау жүйесі;

4) өтініш берушінің тиісті арнайы жабдықты пайдалану құқығына, техникалық қызмет көрсетуге, жөндеуге және бақылауға, сондай-ақ авиациялық персоналды оқытуға басқа ұйымдармен жасасқан шарттарының болуы;

5) функционалдық міндеттерді қамтамасыз етуге арналған өндірістік алаңдардың жеткілікті санының болуы;

6) пайдалану техникалық құжаттамасының болуы;

7) әуеайлақ объектілерінің, азаматтық авиация ұйымы жабдығының және өндіріс құралдарының техникалық сипаттамалары (көрсеткіштері), өтініш берушінің әуеайлақтың сертификаттық талаптарға сәйкестігін қамтамасыз ету қабілетін айқындауға мүмкіндік беретін өндіріс рәсімдерін тексеру қаралады.

18. Сертификаттық тексерудің мерзімі өтінім бойынша шешім қабылданған сәттен бастап отыз күнтізбелік күннен аспауы тиіс.

19. Сертификаттық тексеру осы Ережеге 6-қосымшаға сәйкес сертификаттық тексерудің үлгі бағдарламасына сәйкес жүргізіледі.

20. Сертификаттық тексерудің нәтижелері бойынша әуеайлақтың іс жүзіндегі жай-күйі, тұжырымдар, ұсынымдар және сертификат беру мүмкіндігі (мүмкін еместігі) туралы қорытынды көрсетіле отырып, екі данада осы Ережеге 5-қосымшаға сәйкес сертификаттық тексеру актісі (бұдан әрі - акт) жасалады. Актіге комиссияның барлық мүшелері қол қояды және ол танысу үшін өтініш берушіге ұсынылады.

## **5. Сертификатты беру, беруден бас тарту, қолданылуын тоқтата тұру, қайтарып алу немесе күшін жою**

21. Сертификатты беру мүмкіндігі туралы қорытынды қамтылған акт сертификат беру үшін негіз болып табылады.

22. Сертификатты ресімдеу мен беруді уәкілетті орган сертификаттық тексеру актісі жасалғаннан кейін он күнтізбелік күн ішінде жүргізеді.

23. Сертификатты иесіне беруден бас тарту, қайтарып алу, қолданылуын тоқтата тұру Қазақстан Республикасының азаматтық авиация саладағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

24. Сертификатты беруден бас тарту, егер:

1) әуеайлақты пайдалану осы санаттағы адамдар үшін заңнамалық актілермен т ы й ы м с а л ы н ғ а н ;

2) әуеайлақ сертификаттық талаптарға сәйкес келмеген;

3) өтініш берушіге қатысты оның әуеайлақты пайдалануына тыйым салатын сот шешімі болған жағдайларда жүргізіледі.

25. Сертификатты беруден бас тартқан кезде өтініш берушіге бас тарту себептері көрсетіліп, уәжді жауап беріледі.

26. Сертификаттың қолданылуы тоқтатыла тұрған жағдайда оның қолданылуын қалпына келтіруді уәкілетті орган анықталған кемшіліктерді жойғаннан, уәкілетті органға растайтын құжаттарды ұсынғаннан және оған қажетті тексеру жүргізілгеннен кейін ғана жүзеге асырады.

Егер әуеайлақты пайдаланушы уәкілетті орган белгіленген мерзімде тоқтата тұру себебін жоя алатын болса ғана, сертификаттың қолданылуын тоқтата тұру туралы шешім қабылданады. Олай болмаған жағдайда сертификат қайтарып алынады.

27. Сертификат қайтарып алынған жағдайда ол осы Ережеде көзделген тәртіппен қайтадан сертификаттау жүргізілгеннен кейін беріледі.

## **6. Сертификатқа өзгерістер енгізу және телнұсқа беру**

28. Азаматтық авиация ұйымының атауы, оның ұйымдық-құқықтық нысаны өзгерген және сертификаттық талаптарға сәйкес келмеуге әкеп соқтырмайтын басқа да өзгерістер болған жағдайда сертификатқа тиісті өзгерістер енгізіледі.

Сертификатқа өзгерістер енгізу кезінде бұрын берілген сертификаттың тіркеу нөмірі сақталады, ал мемлекеттік тізілімнің әуеайлақтардың жарамдылық сертификаттарының тізіліміне бұл туралы тиісті жазба енгізіледі.

29. Сертификат бүлінген немесе жоғалған (ұрланған) жағдайда уәкілетті орган сертификаттың телнұсқасын береді.

30. Сертификатқа өзгерістер енгізу немесе телнұсқа алу үшін азаматтық авиация ұйымы уәкілетті органға негіздемесімен, тиісті өзгерістерді растайтын құжаттармен бірге еркін нысандағы өтініш және бұрын берілген сертификатты (жоғалған немесе ұрланған жағдайлардан басқа) береді.

31. Уәкілетті орган өтініш берушіден өтініш келіп түскен күннен бастап жеті күнтізбелік күн ішінде сертификаттың телнұсқасын береді.

Е р е ж е г е

1-қосымша

уәкілетті органның атауы

## **ӘУЕАЙЛАҚТЫҢ ЖАРАМДЫЛЫҚ СЕРТИФИКАТЫ**

**Серия АРД N\_\_\_**

200\_\_\_ жылғы» "\_\_\_" \_\_\_\_\_ берілді.

200\_\_\_ жылғы» "\_\_\_" \_\_\_\_\_ дейін жарамды.

1. Әуеайлақ \_\_\_\_\_

2. Әуеайлақтың орналасқан жері \_\_\_\_\_

3. Әуеайлақтың иесі \_\_\_\_\_

4. Әуеайлақтың сыныбы \_\_\_\_\_

5. Осы арқылы осы сертификаттың ажырамас бөлігі болып табылатын шектеулерді ескере отырып, әуеайлақтың:

ИКАО МКпос. I санаты \_\_\_\_\_

ИКАО МКпос. II санаты \_\_\_\_\_

ИКАО МКпос. III санаты \_\_\_\_\_

бойынша азаматтық аэродромдарды пайдалану талаптарына және жарамдылық нормаларына сәйкес келетіні куәландырылады.

6. Сертификатты беру үшін негіздеме \_\_\_\_\_

7. Сертификаттық тексеруді \_\_\_\_\_ жүзеге асырады

**С е р т и ф и к а т**  
берген органның басшысы  
МО

(қолы, Т.А.Ә.)

Әуеайлақтың жарамдылық  
сертификатына  
қ о с ы м ш а

Серия АРД N \_\_\_\_\_

**ӘУЕАЙЛАҚТЫҢ ЖАРАМДЫЛЫҚ СЕРТИФИКАТЫНЫҢ  
ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ**

Р / с N	Атауы	Тексеру оларға сәйкес жүргізілген актілердің атауы	нормативтік	Ескертпе

**С е р т и ф и к а т**  
берген органның басшысы  
МО

(қолы, Т.А.Ә.)

Е р е ж е г е  
2 - қ о с ы м ш а

(уәкілетті органның атауы)

**Әуеайлақтың жарамдылығын сертификаттауды жүргізуге  
ӨТІНІМ**

1. \_\_\_\_\_  
(ұйымның, өтініш берушінің атауы, оның мекен-жайы)  
атынан \_\_\_\_\_  
(басшының лауазымы, Т.А.Ә.)



\_\_\_\_\_ негізінде әрекет ететін  
\_\_\_\_\_

(әуеайлақтың атауы)

\_\_\_\_\_ негізінде әрекет ететін  
\_\_\_\_\_

(нормативтік актілердің атауы және нұсқамасы)  
талаптарына сәйкес келетіндігін куәландырады және осы  
объектінің сертификаттық талаптарға сәйкестігіне инспекциялық тексеру  
жүргізуді сұрайды.

2. Қосымша ақпарат

әуеайлақ сыныбы \_\_\_\_\_

Халықаралық азаматтық авиация ұйымының санатынан бір-бірден әуеайлақтың  
жабдықтары \_\_\_\_\_

3. Қосымша \_\_\_\_\_

**Басшы**

(Т.А.Ә.)

\_\_\_\_\_ (қолы)

**Бас бухгалтер**

(Т.А.Ә.)

\_\_\_\_\_ (қолы)

**М.О.**

Күні \_\_\_\_\_

Е р е ж е г е

3-қосымша

### **Әуеайлақтың жарамдылық сертификатына өтініш берушінің міндеттемесі**

Мен, \_\_\_\_\_  
(Т.А.Ә., лауазымы)

\_\_\_\_\_ әуеайлақты \_\_\_\_\_,  
(нормативтік құжаттардың атауы)

сертификаттық талаптарына сәйкес келетінін, ұсынылған  
құжаттамадағы ақпарат әуеайлақтың өзіндік жағдайына сәйкес келетінін  
куәландырамын және:

1) әуеайлақты сертификаттық талаптарға және нормативтік құжаттаманың  
ережелеріне сәйкес пайдалану мен ұстауға;

2) аэронавигациялық ақпарат (АТР) басылымдарында қамтылған деректердің  
әуеайлақтың нақты жағдайына сәйкестігін қамтамасыз етуге;

3) әуеайлақта сертификаттық және нормативтік талаптарға сәйкессіздіктер  
анықталған кезде дереу ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ететін қажетті шектеулер

қойып, уәкілетті органға бұл туралы хабарлауға;

4) Ұшуды жүргізу жөніндегі нұсқаулыққа және Әуеайлақ ауданында авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізу және өрт сөндіру жөніндегі жедел жоспарға толықтырулар мен өзгерістер енгізуге уәкілетті органнан келісім алуға;

5) АІР енгізуге дайындалған материалдарды бекітуге уәкілетті органға жіберуге міндеттенемін.

**Басшы**

(Т.А.Ә.)

(қолы)

МО 200\_ жылғы»" \_\_ " \_\_\_\_\_

Е р е ж е г е

4-қосымша

\_\_\_\_\_

**әуеайлақтың жарамдылығын сертификаттауды жүргізуге өтінім бойынша " \_\_**  
**" \_\_\_\_\_ 200\_ жылғы**  
**шешім**

Сіздің әуеайлақты сертификаттауға өтініміңіз бен құжаттамаңызды қарап,  
м ы н а н ы \_\_\_\_\_ х а б а р л а й м ы з :

1. Сертификаттық тексеру \_\_\_\_\_ кезеңінде жүргізіледі.

2. Тексеру \_\_\_\_\_

(нормативтік актілердің атауы және нұсқамасы)

талаптарына сәйкестігіне жүргізіледі.

3. Сертификаттық тексеруді \_\_\_\_\_

(ұйымның атауы, мекен-жайы)

\_\_\_\_\_ объектілерін тексеру (сынау)  
арқылы жүзеге асырады.

4. Жұмыстар \_\_\_\_\_  
негізінде жүргізіледі.

**Басшы**

(Т.А.Ә.)

(қолы)

МО 200\_ жылғы»" \_\_ " \_\_\_\_\_

Е р е ж е г е

5-қосымша

**" Б Е К І Т Е М І Н "**

\_\_\_\_\_

(уәкілетті

органның

басшысы)

-----  
( қ о л ы )

200\_ жылғы»"\_\_" \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ әуеайлақты  
сертификаттық тексеру актісі

200\_ жылғы»"\_\_" \_\_\_\_\_ N \_\_\_\_\_ бұйрығымен тағайындалған  
к о м и с с и я қ ұ р а м ы н д а :

Комиссия төрағасы \_\_\_\_\_

Комиссия мүшелері: \_\_\_\_\_

-----  
( Т . А . Ә . , л а у а з ы м ы )

\_\_\_\_\_ кезеңде ұсынылған құжаттаманы қарады,  
әуеайлақтың сертификаттық талаптарға сәйкестігіне тексеру жүргізді және  
м ы н а л а р д ы а н ы қ т а д ы :

1. Әуеайлақты мемлекеттік тіркеу туралы куәлік

-----  
(N, берілген күні және қолданылу мерзімі)

2. Әуеайлақтың пайдалануға жарамдылық сертификаты \_\_\_\_\_

-----  
(N, берілген күні және қолданылу мерзімі)

3. Әуеайлақтың физикалық сипаттамалары:

- 1) әуеайлақ элементтерінің геометриялық өлшемдері;
- 2) кедергілерді шектеу және есепке алу;
- 3) жасанды жамылғылардың беріктігі;
- 4) жасанды жамылғылардың жай-күйі.

4. Әуеайлақ жамылғылары мен аэродром кедергілерінің күндізгі таңбалануы  
б е л г і с і :

- 1) әуеайлақ жамылғыларының күндізгі белгісі;
- 2) кедергілер мен объектілердің күндізгі белгісі.

5. Радиотехникалық жабдықтар және ӘҚБ диспетчерлік пунктердің  
ж а б д ы қ т а р ы :

- 1) радиотехникалық құралдардың құрамы;
- 2) қону жүйесінің жер үсті жабдықтары;
- 3) ОСП отырғызудың радиотехникалық жүйесі;
- 4) жеке жалғамалы станция;
- 5) әуеайлақтың қосымша маркерлік радиомаягі;
- 6) автоматты радиопеленгатор;

- 7) объективтік бақылау құралы;
  - 8) электрбайланыс құралы;
  - 9) ұшу алаңын көретін радиолокациялық станция;
  - 10) әуе қозғалысын басқарудың диспетчерлік пункттердің жабдықтары.
6. Әуеайлақтың жарық сигналы жабдықтарының жүйесі және объектілерді жарықпен қоршау.

- 7. Метеорологиялық жабдықтар.
- 8. Электрмен жабдықтау және электр жабдықтары:
  - 1) әуеайлақты электрмен жабдықтау;
  - 2) әуеайлақ объектілерін электрмен қоректендіру;
  - 3) автономды электрмен қоректендіру;
  - 4) электр желілер.
- 9. Авариялық-құтқару құралдары.
- 10. Жанар-жағармай құралдары.
- 11. Әуеайлаққа қызмет көрсету мен жөндеуге үшін арналған техника

Әуеайлақтың сертификаттық талаптарға сәйкестігі туралы комиссияның қорытындысы

**Комиссия төрағасы** \_\_\_\_\_

**Комиссия мүшелері:** \_\_\_\_\_

(қолы, Т.А.Ә.)

**Т а н ы с т ы м :**

А з а м а т т ы қ                      а в и а ц и я

ұйымының басшысы \_\_\_\_\_

(қолы)                      (Т.А.Ә.)

Е р е ж е г е

б-қосымша

**Әуеайлақты сертификаттық тексерудің үлгі бағдарламасы**

Әуеайлақты пайдаланушының атауы \_\_\_\_\_

Тексерілген күні, бұйрықтың N \_\_\_\_\_

Тексерушілердің Т.А.Ә., лауазымы \_\_\_\_\_

Р / с N	Бағдарлама нөмірлері элементтер	бойынша және	позициялар тексерілетін	Сәйкестік бағасы (-+)	Сәйкессіз-сіздік позиция-сының нөмірі

1	2	3	4
<b>1. Ұсынылған дәлелдеу құжаттамасы жиынтығының болуы және сәйкестігі</b>			
1)	Әуеайлақтың жарамдылық сертификатын алу үшін сертификаттық талаптарға сәйкестігін растайтын өтінім және құжаттар		
2)	Өтініш берушінің Жарғысы (құрылтай шарты)		
3)	Заңды тұлғаны тіркеу туралы куәлік		
4)	Аудиторлық анықтама және қаржылық жай-күйі туралы анықтама		
5)	Өтініш берушінің (әуеайлақты 11 пайдаланушысының) ұйымдастырушылық құрылымы, штат кестесі, жүктелген функцияларды орындауға жеткіліктілігі		
6)	Басшы құрамның және мамандардың (қызметкерлердің) міндеттері мен жауапкершілігін белгілейтін лауазымдық нұсқаулықтар		
7)	Еңбек және өндірістік санитария қауіпсіздігін, өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулықтар		
8)	Ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етумен тікелей байланысты басшы құрамы мен мамандар жөніндегі деректер және сенімділігі, олардың сәйкестігі		
9)	Инженерлік-техникалық құрам, арнайы көлікті, әуеайлақ машиналары мен механизмдерін, арнайы жабдықтарды пайдалану бойынша деректер және оның дәйектілігі		
10)	Солардың негізінде әуеайлақтың пайдалануы жүзеге асырылатын құжаттардың тізбесі мен бар болуы		
11)	Әуеайлақтар аудандарында және қону алаңдарында ұшу өндірісі жөніндегі нұсқаулық (әуеайлақтың аэронавигациялық паспорты), анықталатын мәселелердің толықтығы. Белгіленген талаптарға сәйкестігі және енгізілетін өзгерістердің уақтылығы		

12)	Солардың негізінде әуеайлақтың арнайы техникасына және жабдыктарына техникалық қызмет көрсету, жөндеу жүргізілетін құжаттардың, жоспарлардың, тізбесі мен бар болуы, радиостанцияларға рұқсаттар, лицензия (қолданылу мерзімі)		
13)	Әуеайлаққа техникалық қызмет көрсету, күтіп ұстау және жөндеу жөніндегі басшылық, анықталатын мәселелердің толықтығы. Белгіленген талаптарға сәйкестігі және енгізілетін өзгерістердің уақтылығы		
14)	Әуеайлақты мемлекеттік тіркеу туралы куәлік		
15)	Әуеайлақтың сызбасы, негізгі объектілердің орналасуы		
16)	Doc 9774 AN\969 ИКАО сәйкес дайындалған әуеайлақ жөніндегі басшылық		
17)	Жерді пайдалануға арналған акті		
18)	Пайдаланушының әуеайлақты қабылдауы туралы акті (егер жалға алынса немесе жеке меншікке сатып алынса)		
19)	Арнайы техниканы сақтандыру полистері (қолданылу мерзімі және аумағы)		
20)	Әуеайлаққа техникалық қызмет көрсету, күтіп ұстау және жөндеу жұмыстарын орындайтын мамандарды сақтандыру полистері		
21)	Үшінші тұлғалар алдындағы азаматтық жауапкершілікті сақтандыру полистері (қолданылу мерзімі мен аумағы)		
22)	Әуеайлақтық арнайы техниканың тізбесі, әуеайлақтың арнайы техникасы мен жабдықтарын жалға алу шарттарының, егер олар болған жағдайда (қолданылу мерзімі) көшірмесі		
23)	Ұшуларды радиотехникалық және аэронавигациялық ақпаратпен қамтамасыз ету жөніндегі құжаттама		
24)	Метеорологиялық қамтамасыз ету жөніндегі құжаттама		
25)	Авиациялық персоналдың біліктілігін жоғарылату курстарынан өтуге арналған шарт		
	Авиациялық қауіпсіздікті және авариялық-құтқару жұмыстарын		

26)	қамтамасыз ету. Авиациялық қауіпсіздікті, авариялық-құтқару жұмыстарын және өрт сөндіруді қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстар жоспары		
27)	Әуеайлақтық арнайы техникаға, жабдықтарға техникалық қызмет көрсету (жедел, мерзімдік, күрделі жөндеу)		
28)	Әуеайлақ аймағын ұстау		
29)	Жеке құрамға, арнайы техниканың, көліктер мен механизмдердің жүргізушілеріне медициналық қызмет көрсету (ауысу алдында медициналық тексеру)		
30)	Санитарлық-эпидемиологиялық және экологиялық қадағалау мемлекеттік органдарының қорытындысы		
31)	Әуеайлақтың техникалық жай-күйі, ұшып-қону жолағы, рудік жолағы, әуе кемелері тұрағының орындары жөніндегі ресми түрде хабарланған аэронавигациялық ақпаратқа өзгерістерді жариялау		
32)	Пайдаланушының әуеайлақты күнделікті тексеруі		
33)	Әуеайлаққа техникалық қызмет көрсету, жөндеу және әуеайлақты ұстау жөніндегі жұмыстарды жоспарлау және орындау		
34)	Әуеайлақ, перрон бойынша арнайы техника, арнайы көлік, машиналар мен механизмдер қозғалысын ұйымдастыру		
35)	Әуеайлақ және оның маңайында қозғалатын көлік құралдарын басқару және олармен байланыс		
36)	Тірі табиғаттан пайда болатын қатерлерге байланысты өткізілетін шаралар		
37)	Әуеайлақтың техникалық жарамдылығы туралы ақпаратты беру үшін жауапкершілік		
38)	Ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ететін әуежай қызметтерімен өзара іс-қимыл		
39)	Тіркеп сүйреуге, қозғалу қабілетінен айрылған әуе кемелерін ұшу-қону жолағынан алып кетуге арналған арнайы жабдықтарының тізбесі мен бар болуы		

40)	Күзгі-қысқы және көктемгі-жазғы навигация жағдайында әуеайлақты пайдалану, ұстау және жөндеу жөніндегі арнайы техника мен жабдықтарды, жеке құрамды дайындау жөніндегі құжаттама		
41)	Басқару және инженерлік-техникалық құрамның міндеттемелерінің бақылау парақтары		
42)	Ұшу алаңының жай-күйі жөніндегі журнал		
43)	Әуеайлақта және әуеайлақ маңайында құрылыс жұмыстарын келісуді есепке алу журналы		
44)	Абоненттердің лақабы мен радио арқылы сөйлесу фразеологиясы		
45)	Әуеайлақ жамылғыларын таңбалау үшін материалдарды қолдану сипаттамалары мен технологиясы		
46)	Әуеайлақта және әуеайлақ маңайында биік кедергілер мен объектілерді жарықпен қоршау		
47)	Әуеайлақ жамылғыларының ақаулары		
48)	Әуеайлақта нақты әуе кемесін пайдалану мүмкіндігін бағалау және анықтау әдістемесі		
49)	Топырақтық ұшу-қону жолағының мүмкіншілігін бере алатын топырақ тығыздығының көрсеткіштерін анықтау		
50)	Зәкір бекітудің беріктігін тексеру актілері		
51)	Азаматтық авиацияның мамандандырылған ұйымдарының әуеайлақ жамылғыларын, әуеайлақ маңайындағы кедергілерді тексеру актісі		
52)	Әуеайлақта мұз-қар жинау жұмыстарының технологиялық картасының альбомы		
53)	Әуе кемелері тежеулерінің жай-күйін бағалау әдістері мен құралдары		
54)	Қарлы НОТАМ бойынша ақпараттарды алу, толтыру және жіберу		
55)	Әуеайлақтық арнайы механиканың және механизация құралдарын жұмысын есепке алу журналы		
56)	Қардың қаттылығы мен тығыздылығын анықтау		



57)	Уақытша әуеайлақтың (тікұшақайлақтың) ұшу жолағының (бар болған жағдайда) жай-күйі журналы		
58)	Әуеайлақшілік жолдарды ұстау		
59)	Метрологиялық жұмыстарды жүргізу, міндетті түрде тексеруге жататын өлшеу құралдарының тізбесі, МЕМСТ-тар мен стандарттар талаптарын сақтау		
<b>2. Өндірістік база</b>			
1)	Техникалық қызмет көрсетуге, арнайы техниканы сақтау және жөндеуге, арнайы сұйықтықтар мен химикаттарды сақтауға арналған ғимараттар мен құрылыстардың, ангарлар мен жабық құрылыстардың бар болуы мен оларды ұстау		
2)	Жеке құрамға арналған тұрмыстық бөлмелердің, өндірістік ғимараттардың бар болуы және олардың жай-күйі, оларда өндірістік санитария талаптарын, өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау		
3)	Жалға алынған ғимараттар мен құрылыстарды пайдалануға арналған келісімдердің бар болуы		
4)	Әуеайлаққа қызмет көрсету, ұстау және жөндеу кезінде қолданылатын төмен түспейтін шығыс материалдарының, химикаттардың, арнайы сұйықтықтардың бар болуы		
5)	Әуеайлаққа қызмет көрсету, ұстау және жөндеу кезінде қолданылатын әуеайлақтық арнайы техника мен жабдықтарының тізбесі, олардың техникалық жай-күйі, олардың радиостанциялармен, жарқылдауық оттармен жабдықталуы		
<b>3 . Жұмыстарды жоспарлау</b>			
1)	Әуеайлаққа қызмет көрсету, ұстау және жөндеу жұмыстарын ж о с п а р л а у бойынша құжаттамалар жүргізу		
2)	Инженерлік-техникалық құрамның, жұмысшылар мен қызметкерлердің дайындығы, жаттығуы және білімін тексеру жоспарының, кестесінің бар болуы және оны жүргізу		

3)	Нақты үлгідегі арнайы техникада дербес жұмыстарға рұқсат беру үшін жеке құрамды даярлау және тексеру		
4)	Мамандығы бойынша біліктілігін растау және жоғарылату		
5)	Жеке құрамның тиісті куәліктерінің қолданылу мерзімін ұзарту		
6)	Жүргізуші құрамын даярлау және олардың сыныбын жоғарылату		
7)	Әуеайлақта дербес жұмысқа рұқсат беру тәртібінің сақталуы		
8)	Кадрларды даярлау		
9)	Нормативтік құжаттаманың бақылау даналарының бар болуы		
10)	Жоспарланған кезеңге арналған теориялық дайындық жоспары мен тақырыбы		
11)	Дербес дайындық (жеке тапсырмалар)		
12)	Мұғалімдер құрамы және оларда пәндер бойынша бекітілген конспектілердің бар болуы		
13)	Оқу сабақтары үшін бөлмелердің бар болуы және олардың жай-күйі, оларда өндірістік санитария талаптарының, өрт қауіпсіздігі ережесінің сақталуы		
14)	Оқу-әдістемелік базаның жабдығы: техникалық, әдістемелік бөлмелер, техникалық кітапхана, азаматтық авиация бойынша әдістемелік құжаттар, оқу көрнекі құралдар, оқытудың техникалық құралдары мен әдістемелік әзірленімдер		
15)	Сабақтардағы бақылау, жеке құрамның сабаққа қатысуы		
<b>4 . Ақпараттық қамтамасыз ету</b>			
1)	Ұшулар қауіпсіздігі жөніндегі ақпарат (бұйрықтар мен нұсқаулар) түсуінің уақтылығы		
2)	Нормативтік және басшылық құжаттарына өзгерістердің келіп түсуі және оларға енгізу		
3)	Пайдаланушының жеке құрамға ұшу қауіпсіздігі бойынша бұйрықтар, нұсқаулар мен ақпараттарды жеткізу және зерделеудің уақтылығы		

<b>5. Еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және өндірістік санитария</b>			
1)	Еңбекті қорғауды ұйымдастыру		
2)	Еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы мен өндірістік санитария жөніндегі құжаттар, анықталатын мәселелердің толықтығы, нормативтік талаптарға сәйкестігі		
3)	Жеке қорғану құралдары, нормативтік талаптарға сәйкестігі		
4)	Персоналдың арнайы киімдерінің болуы		
<b>6. Әуеайлақтың физикалық сипаттамалары</b>			
1)	Әуеайлақ элементтерінің геометрикалық өлшемі		
2)	Ұшу және қону дистанциялары		
3)	Кедергілерді шектеу және есепке алу		
4)	Жасанды жамылғылардың беріктігі		
5)	Жасанды жамылғылардың жай-күйі		
6)	Әуеайлақ жамылғыларының күндізгі таңбалауы		
7)	Кедергілер мен объектілердің күндізгі таңбалауы		
8)	Әуеайлақтың және аэронавигация объектілерін, ЖЖМ қоршау, күзету		
9)	Әуеайлақтың жарияланған санатының физикалық және геометриялық сипаттамаларының сәйкестігі		
<b>7 . Радиотехникалық жабдықтар</b>			
1)	Радиотехникалық жабдықтарға тізбе, техникалық құжаттама және сертификат		
2)	Радиолокациялық жабдықтар		
3)	Навигациялық және қону жабдықтары		
4)	Байланыс жабдықтары		
5)	Әуе қозғалысын басқару орталығының жабдықтары		
6)	Спутниктік жүйенің жердегі жабдықтары		

7)	Ұшуларды радиотехникалық қамтамасыз ету және әуе қозғалысын басқару объектілерін энергиямен жабдықтау		
8)	Жердегі сынақтар актілері, хаттамалары		
9)	Ұшуды тексеру актілері		
10)	Радиотехникалық жабдықтарының әуеайлақтың жарияланған санатына сәйкестігі		
<b>8. Жарық-сигнал жабдықтары</b>			
1)	Жарық техникалық жабдықтардың тізбесі, техникалық құжаттамасы және сертификаты		
2)	Аэронавигациялық оттар		
3)	Аэронавигациялық жарық маяктары мен кедергілерді жарықпен шектеу		
4)	Әуеайлақ белгілері		
5)	Маркерлер		
6)	Жарық-сигнал жабдығының жарамдылық куәлігі		
7)	Ұшуларды жарық-техникалық қамтамасыз ету объектілерін энергиямен жабдықтау		
8)	Жердегі сынақтар актілері, хаттамалары		
9)	Ұшуды тексеру актілері		
10)	Жарық-сигнал жабдығының әуеайлақтың жарияланған санатына сәйкестігі		
<b>9 . Метеорологиялық қамтамасыз ету</b>			
1)	Метеожабдықтарға техникалық құжаттама, сертификаттар		
2)	Метеожабдықтардың құрамы және оның орналастырылуы		
3)	Метеоақпарат		
4)	Метеожабдықтардың әуеайлақтың жарияланған санатына сәйкестігі		
<b>10. Әуеайлақты электрмен қамтамасыз ету</b>			
1)	Әуеайлақты, аэронавигацияны электрмен қамтамасыз ету объектілері жабдықтарының техникалық құжаттамасы		

2)	Электрлік жабдықтар, олардың жай-күйі, қызмет көрсетуі		
3)	Автономдық (резервтік) электрмен қоректендіру, олардың жай-күйі, қызмет көрсетуі		
4)	Электр жүйесі, кабельдер, олардың жай-күйі, қызмет көрсетуі		
5)	Қашықтықтан басқару аппаратурасы		
6)	Тексеру актілері мен сынақ хаттамалары		
7)	Қызмет көрсету жөніндегі техникалық персонал		
<b>1 1 . Авариялық-құтқару құралдары</b>			
1)	Авариялық-құтқару және өрт сөндіру құралдарының тізбесі, техникалық құжаттама		
2)	Авариялық-құтқару командалары, олардың жинақтылығы, орналастырылуы, қамтамасыз етілуі, оқытылуы		
3)	Әуеайлақта апаттық-құтқару және өрт сөндіру жұмыстарын жүргізу жөніндегі нормативтік құжаттама		
4)	Өрт сөндіру автомобильдерінің, санитарлық автомобильдердің, авариялық-құтқару құралдарының саны мен жай-күйі		
5)	От сөндіргіш құрамының, көбікжасаушының, соның ішінде резервтік құрамының саны		
6)	Авариялық-құтқару командаларын өрістету уақыты		
7)	Өрт сөндіру гидранттары (орналастырылуы, жай-күйі)		
8)	Әуе қозғалысын басқарудың диспетчерлік пункті және өзге қызметтермен байланыс пен өзара іс-қимыл		
9)	Жабдықтар мен жарықтандырудың әуеайлақтың өрт сөндіруге қарсы қорғаны деңгейінің жарияланған санатына сәйкестігі		

### **Е с к е р т п е :**

- (\*) осы пайдаланушы үшін міндетті емес;  
 (-1) пайдаланушы сертификатын беруге кедергі келтіретін сәйкессіздіктер;  
 (-2) келісілген мерзімде жойылған жағдайларда немесе шектеулер

енгізілгенде, пайдаланушының сертификатын беруге кедергі сәйкессіздіктер;  
(-3) пайдаланушының сертификатын беруге кедергі келтірмейтін және өндірісті және сапа жүйесін жетілдіру кезінде жоюға жататын сәйкессіздіктер.

**Қосымша:** Сәйкессіздіктер тізбесі \_\_\_\_\_ парақ

**Тексерушілер:** \_\_\_\_\_

-----  
-----

(қолы, Т.А.Ә.)

**Т а н ы с т ы м :**

А з а м а т т ы қ                      а в и а ц и я

ұйымының басшысы \_\_\_\_\_

(қолы)                      (Т.А.Ә.)

**Сертификаттық тексерудің жүргізілген күні** 200\_ ж. " \_\_ " \_\_\_\_\_

**Әуеайлақты сертификаттық тексеру бағдарламасын сәйкессіздіктер тізбесі** \_\_\_\_\_

—  
**(Өтініш берушінің атауы)**

Сертификаттық бағдарламасындағы сәйкессіздік позициясының N	тексерудің сәйкессіздік позициясы	Сәйкессіздіктің сипаттамасы	Ескертпе
1		2	3

**Тексерушілер:** \_\_\_\_\_

-----  
-----

(қолы, Т.А.Ә.)

**Т а н ы с т ы м :**

А з а м а т т ы қ                      а в и а ц и я

ұйымының басшысы \_\_\_\_\_

(қолы)                      (Т.А.Ә.)

**С е р т и ф и к а т т ы қ**  
**тексерудің жүргізілген күні** 200\_ ж. " \_\_ " \_\_\_\_\_